

ӘОЖ 94 (574)

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ИННОВАЦИЯЛАУ  
ОРТАЛЫҒЫ**

**Арынова Зәуре**

[zk\\_71@bk.ru](mailto:zk_71@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті  
«Тарих» мамандығының 2-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – З.О. Дүкенбаева

ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында білім және ғылым мәселесінің жаңа ғасырдағы мәні жайлы «Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім» [1] деп Ұлы Абайдың білім мен ғылымға шақырған сөздерінен үзінді келтіре отырып, бүгінгі таңда да маңыздылығын жоғалтпағанына баса назар аударды.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет [1]. Хакім Абай айтып өткен білім және ғылымды игермегенше, ешқандай да биік бағынбайды. Бүгінгі ХХІ ғасырдағы білім мен ғылымның мақсаты – биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін Президент Қ-Ж.К. Тоқаев баса айтты.

ХХІ ғасырдағы әлемдік трендтерінің бірі жаһандану болып табылады. Бұл үдеріс әлемнің барлық елдеріне ықпал етіп, мемлекеттер арасындағы интеграциялық дамуын тереңдетуде. Жаһандану үдерісінің ауқымы саясат, экономика және мәдениетпен ғана шектелмей, бүгінгі таңдағы ең маңызды бағыттардың бірі білім мен ғылым саласын да қамтуда. Қазақстандағы орта және жоғары білім берудің жүйелерінің жаңа заман талаптарына сәйкес құрылымдық өзгерістерге ұшырауы мен осы саладағы жетістіктерге жетуінде бірнеше себептерді атауға болады. Көптеген факторлардың ішінде ел астанасының Алматыдан Нұр-Сұлтанға (Астанаға) ауыстырылуы мен білім және ғылымның даму орталығы ретінде орнығуы болып табылады. Ел астанасы атанған уақыттан кейінгі 20 жылдық тарихына шолу жасасақ елорданың білім беру мекемелері мен ЖОО-дары Нұр-Сұлтан қаласының халықаралық инновациялар, білім мен бизнес орталығы ретінде қалыптасуында айтарлықтай рөл атқаруда.

Елорданың тарихын қарастыра келе білім беру орындарының Отан тарихының әр кезеңдерінде ұлғайғанына көз жеткізе аламыз. Ақмолада алғашқы оқу ғимараттары XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Мұсылман мешіті қарамағындағы бірсыныптық татар училищесін округтың аға сұлтаны салдырып, кейінгі жылдары училищелердің санының ұлғаюына алып келеді. 1916 жылғы деректер бойынша Ақмола облысында әр түрлі типтегі 500-ден астам мектеп, ал Ақмоланың өзінде 3 ерлер және 2 қыздар училищелері қызмет көрсеткен [2, 152-158-бб.]. Ал Кеңес Одағы тұсында қала халқының көбеюіне, қаланың темір жол торабында орналасуы, өндірістік құрылыстың қарқынды жүргізілуі мен қаланың округ орталығы атануына байланысты мектеп саны да ұлғайды.

Жоғары және орта білім беру жүйесінің дамуы қала мен аймақ экономикасына қажетті мамандар дайындаудан туындады. Білім беру орындарының өсуі, мамандықтардың көбеюі және болашақ мамандардың дайындық бағыттарының кеңеюі қаланың өндіріс орындарындағы және тың аймағының шаруашылықтарын білікті кадрлармен толықтырды. Целиноград қаласы аймақтың ғылыми және білімді орталығына айналды [2, 170-б.].

XX ғасырдың 90-жылдарында жоғары және орта кәсіби білім беру жүйесі өзінің даму мәселесінде қиын жағдайға тап болды. Жоспарлы экономиканың құлдырауы және нарықтық кезеңге өту қаланың кәсіби білім беру жүйесіне ықпал етті. Өнеркәсіптік өндіріс орындарының қысқаруына байланысты көптеген мамандар қажетсіз болып қалды. Нарықтық экономика жағдайында заң, экономика, менеджер, аудармашы және басқа да мамандықтарға қажеттілік артты. Өткен ғасырдың 90-жылдары қалада оннан астам жекелеген ЖОО-дар бар еді және олар жоғарыда аталған бағыттар бойынша мамандықтар ашты [2, 170-171-бб.]. Осы уақытта Ақмолада небәрі 38 мектеп болса, оның тек бірнешеуі ғана қазақ тілінде еді. Қаржы тапшылығына әрі қажеттілік жоқтығына байланысты қалада он жылға жуық бірде-бір жалпы білім беру мекемесі салынбады.

1994 жылдағы 6-шілдедегі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекет астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысы мақұлданады [3]. Ел астанасының ауыстырулы білім мен ғылым дамуына жаңаша сарын беріп, білімнің тереңдеуіне алып келді.

Тек Ақмола ел астанасына айналған сәттен, шамамен 2000 жылдан бастап білім саласы инфрақұрылымына көңіл аударыла бастайды. Елорда мәртебесін алған алғашқы он жыл ішінде қаладағы мектептер саны 39-дан 81-ге дейін артты. Олардың көпшілігі қазақ тіліндегі мектептер [4, 50-б.]. Сонымен бірге арнаулы тереңдетілген білім беретін «Мирас», «Зерде», №50 «Қазғарыш» мектеп лицейі, Қазақ-түрік лицейлерінің (қаз. Білім-инновация) ашылуы орта білім жүйесінің сапалық тұрғыдан жақсаруына алып келді.

Зерттеуші Г.А. Алпыспаева 2008 жылы жарық көрген еңбегінде қаладағы білім беру бағытын сипаттай келе «Жоғары мектептің құрылымдық қайта құрылуы, жоғары білім беру бағытының модернизациялануы мен мазмұнындағы түбегейлі реформалар жүзеге асты. Сонымен бірге ЖОО-дар қаржыландыру бойынша қиын кезеңді бастан кешіріп, ақылы бөлімдер санын ұлғайта бастайды» [2, 171-б.] деп білім берудің коммерциализациясы мамандарды дайындау сапасы кері әсер еткенін сөз етеді. Зерттеуші Ғалия Айтпайқызының пайымдауынша осы уақытта астананың ЖОО білім беру жүйесінің түбегейлі реформалануы жағдайында жаңашылдықты қабылдай алды, модернизация үдерісіне қосылды. ЖОО жүздеген оқытушылары біліктілікті жетілдіру курстарында қайта дайындықтан өтті, білім берудің реформалануы мәселелері бойынша халықаралық және республикалық семинарларға қатысып білім берудің жаңа технологияларын ендіру бойынша біліктіліктерін арттырды

Өркениетті қоғам құру процесінде білімнің алатын орны зор. Білім өз кезегінде ғылымның дамуына ықпал етеді. Ал ғылым ілгері қарай дамуының айқын белгісі болып табылады. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2004 жылы 12-қазанда білім және ғылым қызметкерлерінің 3-ші съезінде сөйлеген сөзінде «Біз негізін іргелі зерттеулер құрайтын сапалы білім мен озық ғылым арқылы ғана елімізді жаңартып,

XXI ғасырдың күрделі мәселелерін шеше алатынымызға кәміл сенеміз» [5] деп XXI ғасырда білім мен ғылымның өзектілігі артып отырғандығына баса назар аударған болатын.

XXI ғасырдағы өзгерістер адам өмірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, технологиялық, коммуникациялық, рухани негіздерін түгел қамтығандықтан, бүгінгі таңда адамзат алдында туындаған көптеген түйткіл мәселелердің ортақтығы айқын сезіледі, әлемнің тұтастығы, халықтар мен елдердің өзара байланыстығы анық байқалады, ақиқат болмыс жаһандық ауқымда ұғынылады. Осындай жағдайда білім мен ғылым жаңа мән-мағынаға ие болады. Әр түрлі саладағы адамның қызметі ғылым мен білімнің тұтастай даму дәрежесіне тікелей тәуелді бола түседі [6, 12-13-бб.]. Ендігі кезекте білім мен ғылым ғаламдық, халықаралық құбылыстар ретінде сипатталуда.

Қазақстан елордасы Нұр-Сұлтан қаласының мемлекетіміздің инновациялық орталыққа айналуында жоғары оқу орындардың алатын орны зор. Т.ғ.д., профессор Е.Б. Сыдықов «Инновациялық зерттеу университеті» деген ұғымды инновациялық даму анықтайды. Ал инновациялық даму дегеніміз – әлемдік деңгейде өнім шығару және жаңа нарық пен бәсекеге қарай тоқтаусыз ұмтылу деген сөз. Ал бұл ұмтылыс бар жұмысты ғылыми-техникалық және технологиялық қамтамасыз ету арқылы ғана жүзеге аспақ. Білім және ғылым саласындағы инновациялық қызмет мемлекеттік және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарымен орайласуы қажет. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің күшімен жоғары технологияларды дамытуға қол жеткізе отырып, соның нәтижесі негізінде өнімдерді сыртқы және ішкі нарыққа шығару, инвестиция тартуға қолайлы жағдай туғызу – бүгінгі инновацияның алғышарты. Қазіргі заманғы ЖОО инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы білім берудің, ғылыми жұмыстардың сапалы деңгейіне қол жеткізіп, оларды оқу үдерісіне тиімді енгізе алуы тиіс. Сонымен қатар, бүгінгі университет жаңашыл бағдарламалары арқылы мемлекет пен қоғамның қажетін толық қанағаттандырып, олардан қаржылық қолдау тауып, экономикалық, әлеуметтік және ғылыми салалардың дамуына айтарлықтай үлес қоса алуы керек» [7] деген пікірі инновацияның сыр-сипатын ашып береді.

2010 жылы 7-желтоқсанда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Нұр-Сұлтан қаласы білімді жастарымен кездесіп, 2009 жылғы ЮНЕСКО мәліметі бойынша 129 мемлекет арасында Қазақстан білім дамуының индексі бойынша бірінші орынды иеленгенін айтқан болатын. «XXI ғасырда білім беру қызметтері экономиканың тез дамып жатқан сегменттерінің бірі. АҚШ-та бұл «жүз миллиардтық бизнес» деп аталып, ұлттық жалпы өнімнің 3 пайызын (7 миллиард доллар) құрайды екен. Ал Австралияда білім бюджетке қаржы құю бойынша көмір өндіру мен туризмнен кейін үшінші орында тұр екен. Австралия жылына білім беру қызметінің экспортында 3 миллиард долларға дейін қаржы табады» деп білім берудің бүгінгі заманға сай сипаттамасын берген Елбасы елорданың білім беру орталығы ретінде қалыптасуы үшін әлемдік деңгейдегі жаңа оқу орнының маңызы жоғары екеніне баса назар аударды. Білім берудің әлемдік тарихына көз жүгіртсек, алдыңғы қатарлы университеттер өздері орналасқан қала немесе аймақтың даму көрсеткіші болып табылады.

1999 жылы 19-маусымда 29 Еуропа мемлекеті Болон Декларациясын қабылдап, жоғары білім берудің Болон процесінің басталғанын айқындады. Болон Декларациясы Еуропа жоғары мектебін дамытуда бетбұрыс болды және жоғары білім берудің ортақ мәселелерін шешуде бірлескен еуропалық көзқарасты іздестіру ниетін білдірді. Осы тұста зерттеуші Ғ.Қ. Кенжебаев өзінің еңбегінде Болондағы кездесудің Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына орта және ұзақ мерзімді ықпалын барынша қуатты және оңды деп бағалайды. «Білім берудегі интеграция элементтері оқыту ісін жетілдіру бағының маңызды құрамдас бөлігіне айналып, біздің еліміз үшін әлемдік оқу кеңістігіне ену жолдарының бірін ашуға көмектесетіні даусыз» [6, 16-б.]. Нұр-Сұлтан қаласының көптеген ЖОО арасында Назарбаев Университет пен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тек елорданың ғана емес, мемлекетіміздің брендіне айналып жатыр және білім берудің алдыңғы қатарлы флагманы ретінде қалыптасуда.

Қазақстан елордасының инновациялық, интеллектуалды орталық ретінде орнығуы еліміздің әлемдік білім беру мен ғылым кеңістігіне кіргенінің айғағы ретінде санауға әбден болады. Бүгінгі таңда білім мен ғылымның басты мақсаты – жан-жақты білімімен бірге үлкен азаматтық және әлеуметтік қасиеттерді бойына дарытқан тұлғаны қалыптастыру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қ-Ж.К. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020 ж. - № 5 (29734). – 9 қаңтар. 2-б.
2. Алпыспаева Г.А. Астана в новое и новейшее время. – Астана, 2008. – 276 с.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Мұрағаты. 2 Қор. 1 Тізімдеме. Іс 384. 185-б.
4. Астана. 20 жылдық шежіресі. Энциклопедия. – Астана, 2018. – 556 б.
5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004 жылы 12-қазанда білім және ғылым қызметкерлерінің 3-ші съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2004. – 13 қазан.
6. Кенжебаев Ғ.П. Жоғары білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясат және оның Қазақстанда Республикасында жүзеге асуы: тарихи талдау (1985-2005 жж.). т.ғ.д. ғыл. дәр. алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 36 б.
7. Сыдықов Е.Б. Ғылым мен инновация – жаңашылдық арқауы. // Егемен Қазақстан. 2013. - № 157 (21541). - 23 қаңтар. 5-б.